DOSCAR

WE DRIVE THE WORLD

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ

«DOSCAR GROUP»

Біздің қызметкерлеріміз бен серіктестеріміздің жұмыс қағидаттары осы құжатта баяндалған Корпоративтік әдеп кодексінің қағидаттарына негізделуге тиіс

Мазмұны

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ 3

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 4

2-БӨЛІМ. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ - МИССИЯ, СТРАТЕГИЯ 4

3-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВІШІЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ 5

4-БӨЛІМ. СЫРТҚЫ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ 7

5-БӨЛІМ. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ СТРАТЕГИЯСЫ 8

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

«Doscar Group» - 2015 жылдан бері нарықта жұмыс істеп келе жатқан Қазақстандағы ең ірі автомобиль ритейлерлерінің бірі. Компания табысының негізінде іскер серіктестердің, қоғамның, мемлекеттік билік жүйесі өкілдерінің және Компанияның табысы мен өркендеуі тәуелді барлық тараптардың сенімі мен құрметін қамтамасыз ететін корпоративтік құндылықтар мен қағидаттар жатыр. Аталған құндылықтар мен қағидаттар қызметкерлердің бойында мақтаныш сезімін және өз жұмысында ең жоғары нәтижеге жетуге ұмтылысты оятады.

Корпоративтік басқарудың ішкі стандарттарын ұстану қызметкерлердің Компанияның Даму стратегиясын іске асыруға белсенді атсалысуына ықпал етеді.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында «Doscar Group» Компанияның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударады. Оның негізгі құрамдас бөлігі - Корпоративтік әдеп кодексі және қойылған мақсаттарға жету үшін барлық бизнес-процестерді регламенттейтін және стандарттайтын Компанияның өзге де ішкі нормативтік құжаттары. Мұндай стандарттарды енгізу мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- қызметкерлердің Компанияның миссиясы мен мақсаттарын, оларға қол жеткізу тетіктерін түсінуі;
- қызметкерлердің Компанияның корпоративтік мәдениетінің қабылданған қағидаттары мен нормаларын сақтауы;
- қызметкерлердің Компанияның корпоративтік беделін сақтаудың маңыздылығын түсінуі.

Осы Кодексте баяндалған корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану оң корпоративтік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді, Компанияның оң іскерлік беделінің орнығуына алып келеді және оның табысты қызметінің кепілі болып табылады.

Компанияның табысы, оның тұрақты әрі серпінді дамуы бірыңғай миссиямен, ішкі корпоративтік құндылықтармен және мінез-құлық мәдениетімен біріккен пікірлес командасыз мүмкін емес.

Корпоративтік әдеп - компанияның өз ішіндегі этикалық қатынастарды реттейтін құндылықтар жүйесі. Корпоративтік әдептің ықпалымен қызметкерлердің қызметі олардың өз бағдарлары мен ұмтылыстарының ішкі үйлесімділігі арқылы ұйымдастырылады.

Қабылданған стандарттарға адалдық ұжымдағы, іскер серіктестермен және қоғаммен қарым-қатынастағы сенімді нығайтады, Компанияның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастырады.

«Doscar Group» компаниясының әрбір қызметкері осы Кодекстің және міндетті түрде оқып-үйренуге жататын барлық ішкі нормативтік құжаттардың қағидаттары мен нормаларын білуге міндетті. Тек осылай ғана біз Компанияның клиенттерімен, серіктестерімен, қызметкерлерімен және акционерлерімен сенімді қарым-қатынас орната аламыз.

Doscar Group КТ Бас директоры **Бакенов Рахат Амангалиевич**

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

КІРІСПЕ

Кодекс корпоративтік құндылықтарды айқындауға арналған. Оларды ұстану «Doscar Group» пен оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлықты айқындайтын және Компанияның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын жалпы қабылданған этикалық қағидаттар мен құндылықтарға адалдығын көрсетеді.

ОСЫ КОДЕКСТІҢ МАҚСАТТАРЫ

- әрбір қызметкер қызмет нәтижелері мен Компанияның беделі үшін жауапкершілікті сезіне алатын Компанияның негізгі құндылықтарын, қағидаттары мен даму стратегиясын айқындау;
- жоғары этикалық және жалпыға бірдей қабылданған әлемдік стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және адалдық ахуалын қолдау;
- іскер қауымдастық тарапынан Компанияға деген сенімді арттыру және сақтау, нарықтың ашық әрі адал қатысушысы ретіндегі беделді нығайту.

2-БӨЛІМ. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ - МИССИЯ, СТРАТЕГИЯ

«Doscar Group» 2015 жылдан бері нарықта табысты жұмыс істеп келеді және бүгінгі таңда Қазақстан нарығындағы ең ірі автомобиль ритейлерлерінің бірі болып табылады. Компанияның портфелінде KIA, Chevrolet, Jac, Lada автомобиль брендтерінің дилерліктері бар.

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ МЕН СТРАТЕГИЯСЫ

Компания өз миссиясын сенімді әрі қауіпсіз, заманауи және қолжетімді автомобильдермен қамтамасыз ету, сондай-ақ жоғары сапалы сервис пен білікті қызмет көрсету арқылы клиенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандырудан көреді.

Компанияның стратегиялық мақсаты - жаңа қалаларда дилерлік орталықтар желісін кеңейту, автокөлік құралдарының басқа брендтерінің жаңа дилерліктерін алу және қызмет түрлерін әртараптандыру арқылы «Doscar Group» компаниясын қазақстандық автомобиль ритейлерлері нарығында көшбасшы ретінде қалыптастыру.

«Doscar Group» даму стратегиясы мынадай қағидаттар мен құндылықтарға негізделеді:

- клиентке бағдарланған сервис; біздің клиенттеріміз - компания қызметінің басты басымдығы. Біз көрсетілетін қызметтердің барынша тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ете отырып, тұтынушыларымыздың үміттерін алдын ала болжаймыз, орындаймыз және оларға сай боламыз;
- Компанияның ортақ табысына ұмтылатын, кез келген қойылған міндетке қол жеткізуге қабілетті саланың үздік мамандарын шоғырландыру;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету; қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР заңнамасының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау;
- серіктестермен, клиенттермен және барлық басқа да мүдделі тараптармен ашықтық, адалдық және сенімділік қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынас құру;

- «әрқашан жақсырақ жасауға болады» қағидаты бойынша жетілдіруге ұмтылу; Компанияның бизнес-процестерін үнемі жетілдіру және жаңа өсу нүктелерін іздеу;
- IT цифрландыру саласында инфрақұрылым құру, бизнесті жүргізу мен қолдаудың инновациялық әдістерін қолдану, озық технологиялар саласында жаңашыл шешімдермен даму.

КОМПАНИЯНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Doscar Group» компаниясының негізгі этикалық қағидаттары мыналар:

Тиімділік және кірістілік

Компания қоғам, әріптестер және серіктестер алдындағы өз парызы мен жауапкершілігін сезінеді, сондықтан қызметтің кірістілігі мен тиімділігі, күтілген, сондай-ақ күткеннен асатын нәтижелерге қол жеткізу ол үшін даусыз құндылық болып табылады, оның ішінде Компанияның құрылған құрылымдық бөлімшелері арқылы қайырымдылық қызметін жүзеге асыру үшін де.

Заңдар мен нормаларды сақтау

Компания ҚР заңнамасының, салалық және корпоративтік қағидалардың, «Doscar Group» компаниялар тобы ішінде қабылданған стандарттар мен рәсімдердің талаптарын мүлтіксіз сақтайды.

Әлеуметтік жауапкершілік

Компания таза әрі әділ автобизнес құруға бағытталған және өзі жұмыс істейтін өңірлердің қолайлы дамуына ықпал етеді: жаңа жұмыс орындары ашылады, соның нәтижесінде жергілікті халықтың әл-ауқаты артады, әлеуметтік саланы дамыту мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері шешіледі, сондай-ақ Компания кең ауқымды қайырымдылық және демеушілік қызметін жүргізеді.

Адамгершілік

Компания үшін оның не үшін жұмыс істейтіні маңызды. Өз миссиясы мен даму стратегиясын ұстана отырып, «Doscar Group» өз қызметін үздіксіздік, ашықтық, әділдік және құрметтеушілік қағидаттары бойынша жүргізеді.

Серіктестік

Компания серіктестермен, клиенттермен, қызметкерлермен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен қалыптасқан қарым-қатынастарды құрады, қолдайды және жоғары бағалайды. Ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастық, серіктестеріміздің бизнесінің тұрақты дамуына мүдделілік, өзара құрмет және қабылданған міндеттемелерді орындау үшін жауапкершілік жоғары тиімді нәтижелерге қол жеткізуге алып келеді.

3-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВІШІЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ

КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Компанияның қызметкерлері - оның ең құнды ресурсы. Компания ұжымда қызметкердің үздік кәсіби және адами қасиеттерінің ашылуына ықпал ететін ахуал қалыптастыруға ұмтылады.

Компанияда қызметкерлерді жынысы, жасы, нәсілі немесе ұлты, діні, саяси сенімдері және т.б. белгілері бойынша кемсітуге жол берілмейді.

Өзара жауапкершілік Компания да, оның қызметкерлері де ортақ негізгі сенімдерді бөлісетінін, бір-біріне қатысты өз міндеттерін саналы әрі адал орындайтынын білдіреді.

КОМПАНИЯНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- ҚР заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес еңбек жағдайларының, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, нарықтық жалақының тиісті деңгейін қамтамасыз ету;
- Компания іске асыратын бағдарламалар шеңберінде әлеуметтік қамсыздандыруды, медициналық көмекті және корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің өзге де элементтерін ұсыну;
- қызметкерлермен қарым-қатынасты ұзақ мерзімді негізде құру, қызметкерлерге тиісті сенім көрсету және ашық диалогты қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді оқыту, ынталандыру және олардың әлеуетін бағалау жүйелерін дамыту және жетілдіру. Қызметкерлердің бастамашылдығын, өзін-өзі дамытуға, кәсіби құзыреттілігін арттыруға, күрделі міндеттерді орындауға ұмтылысын қолдау;
- Компанияда ынтымақтастық, өзара түсіністік және тұрақтылық ахуалын қолдау.

Компаниядағы өзара іс-қимыл кәсіби міндеттерді табысты шешу және ұжымда сындарлы қарым-қатынасты қолдау үшін тұлғаны құрметтеу және нәтижеге бағдарлану негізінде құрылады.

ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

Компания құпия ақпаратты қорғауды өзінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қолдаудың қажетті шарттарының бірі ретінде қарастырады.

Құпия ақпаратты жария ету Компанияға залал келтіруі мүмкін.

Компания қызметкерлері мынадай қағидаларды сақтауға міндетті:

- құпия ақпаратты пайдалану тек қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде ғана мүмкін. Оны үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді;
- құпия ақпаратты жария етпеу міндеттемесі қызметкер Компаниядағы жұмысын аяқтағаннан кейін де сақталуға тиіс;
- іскер серіктестер мен мемлекеттік органдарға ақпаратты ашу тек қолданыстағы заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүргізілуге тиіс;
- серіктестердің меншігін құрайтын мәліметтерге, оның ішінде олардың зияткерлік меншігіне, авторлық және сабақтас құқықтарына құрметпен қарау қажет.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасының барлық талаптарын толық әрі сөзсіз сақтауға кепілдік беріп қана қоймай, сонымен қатар жағымсыз факторлардың адамдарға, табиғи ресурстарға және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға тырысады. Экологиялық-экономикалық теңгерімді қамтамасыз ету қағидаттары Компания қызметінің негізін құрайды және қаржылық және беделтәуекелдерін барынша азайтуға, проблемалық мәселелерді ерте сатыларда анықтауға және неғұрлым тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

4-БӨЛІМ. СЫРТҚЫ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ

БИЗНЕС-СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТЕР

«Doscar Group» өз серіктестерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық, өзара пайда, құрмет, сенім және әділдік қағидаттарына сүйене отырып өзара қарым-қатынас құрады. Компания тек заңды қызметпен айналысатын сенімді іскер серіктестермен ғана жұмыс жүргізеді.

- Компания іскер серіктестер алдындағы шарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да соны талап етеді;
- Компания қызметінде жосықсыз бәсекелестіктің немесе үстем жағдайды теріс пайдаланудың және/немесе өкілеттіктерді асыра пайдаланудың кез келген көріністеріне жол берілмейді;
- Компания өз қызметкерлері тарапынан бәсекелестерге қатысты өткір мәлімдемелер мен негізсіз сындардан аулақ болады;
- Компания күмәнді беделі бар заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тарту міндеттемесін өзіне алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

Компания мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты ҚР заңнамасының, Жарғының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Компания мемлекеттік органдар тарапынан да, Компания қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу үшін барлық күш-жігерін салады.

ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАҚ

Компанияның ақпараттық саясаты интернетте «Doscar Group» туралы ақпаратқа еркін қол жеткізу мүмкіндігін жасауды көздейді. Атап айтқанда, корпоративтік веб-сайттарда жалпыға қолжетімді режимде Компания, оның қызметі туралы ақпарат, Компания жаңалықтары, байланыс деректері және т.б. орналастырылған.

Компания жұртшылықпен және БАҚ-пен өзара іс-қимылда жоғары стандарттардың сақталуын қадағалайды.

Әрбір қызметкер Компания қызметкері ретінде өзі айтқан кез келген көзқарас немесе таратқан ақпарат тікелей Компанияның өзімен, оның имиджімен байланысты болатынын және іскер қауымдастықтағы Компанияның беделіне әсер ететінін түсінуге және әрқашан есте сақтауға тиіс.

Компания атынан кез келген тақырыптағы барлық көпшілік алдындағы сөз сөйлеулерді, мәлімдемелерді немесе сұхбаттарды тек жұртшылықпен байланыс жөніндегі құрылымдық бөлімше ғана жүргізеді. БАҚ-қа мәліметтер беретін тұлғалар олардың дұрыстығы үшін және оларда коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ құпия сипаттағы мәліметтердің болмауы үшін дербес жауапты болады.

ҚОҒАМДЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ДІНИ ҚЫЗМЕТ

Қызметкерлердің саяси және діни сенімдері лауазымдық міндеттерді адал орындауға әсер етпеуге тиіс.

«Doscar Group» компаниялар тобы саяси және діни ұйымдардың қызметіне қатыспайды және олардың қызметін қаржыландырмайды.

5-БӨЛІМ. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ЖАРНАМА ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Маркетинг және жарнама департаменті - Компанияның нарықтағы позициялануына, жұртшылықпен коммуникацияға (Компания Клиенттері, БАҚ және т.б.) және Компания қызметінің барлық салаларында бәсекелестік артықшылықтар жасауға жауапты Компанияның құрылымдық бөлімшесі. Маркетинг стратегиясы жаңа Клиенттерді тартуға және қолданыстағы клиенттердің адалдығы мен оларды ұстап қалу бойынша жұмыс істеуге арналған. Маркетинг Компанияның іс-шаралары мен белсенділіктерімен, оның ішінде Digital кеңістіктегі қатысуымен және жарнамалық материалдармен жабдықталуымен айқындалады. Департаменттің түпкі әрі басты мақсаты - назар аударту мен қызығушылықты қалыптастырудан бастап, өзара тиімді мәмілелерді жабу мақсатында жайлы орта құруға дейінгі процесті сүйемелдеу. Бұл ретте осы мақсатқа қол жеткізуде маркетинг және жарнама департаменті жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдалануға басымдық береді және өз жұмысында табиғи ресурстарды пайдалануды қысқарту және/немесе барынша азайту саясатын ұстанады. Сонымен қатар барлық белсенділіктер қоршаған ортаны сақтау және оның ластануына жол бермеу жөнінде нақты миссияны көздейді.

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Клиенттерге қызмет көрсету сапасын бақылау департаменті клиенттермен жұмыс істеудің барлық процестерін үнемі жетілдіруге бағытталған. Клиенттерге қызмет көрсету - компания табысының өмірлік маңызды элементі. Басым негізгі мақсат - клиенттік қызметті жоғары деңгейде ұстау. Клиенттерге қызмет көрсету сапасын бақылау департаменті клиенттің қызмет көрсету сапасына қанағаттануын зерделеумен, шағымдардың мәртебесін бақылаумен, оларды тезірек шешу үшін барлық шараларды қабылдаумен, мүдделі тараптарға қызмет көрсету сапасы жөніндегі стандарттарды енгізумен, олардың орындалуын бақылаумен және оларды жақсартуға бағытталған рәсімдерді әзірлеумен айналысады. Департамент жұмысын іске асырудың артықшылықтары: адалдық, жұмыс процестерінің тиімділігі және, нәтижесінде, пайданың өсуі. Департамент клиенттердің коммерциялық құпиясы мен құпия ақпаратын сақтау режимінің қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. Бұл тәсіл жағымсыз клиенттік тәжірибенің туындау мүмкіндігін азайтады және клиенттерді ұстап қалу коэффициентінің артуына, қателерді, уақыт пен бедел шығындарын барынша азайтуға ұмтылуға ықпал етеді.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті компанияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады, басқарудың ұйымдық құрылымына сәйкес компания басшылығына бағынады және өз қызметін ҚР заңнамасына, Жарғыға, осы Ережеге және компанияның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің міндеттері:

- бухгалтерлік есептіліктің ішкі пайдаланушыларына қажетті ұйымның қызметі, оның мүліктік жағдайы туралы толық әрі дұрыс ақпаратты (бухгалтерлік және салықтық есептілікті қоса алғанда) қалыптастыру;

- сыртқы пайдаланушылар - инвесторлар, кредиторлар және басқа да пайдаланушылар үшін бухгалтерлік және салықтық есептілікті қалыптастыру.

Бөлім өз қызметінде «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын, ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Қаржы саясаты - ұзақ мерзімді, сондай-ақ қысқа мерзімді перспективаға арналған даму бағыты, сондай-ақ қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді қол жеткізуге ықпал ететін ішкі резервтерді іздеу. Кәсіпорынның даму бағыттарының өзара байланысы, сондай-ақ осы мақсаттарға қаржы ресурстарының көмегімен қол жеткізу тетігін құру қаржы саясаты арқылы іске асырылады.

«Doscar» компаниялар тобының қаржы саясаты - мақсаттарға жету үшін қаржыны мақсатты түрде қалыптастыру, ұйымдастыру және пайдалану жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

«Doscar» компаниялар тобының қаржысын жедел басқарудың басым міндеті - оның өтімділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

«Doscar» компаниялар тобы Қаржы саясатының қағидаттары:

Қаржы саясатын ұйымдастыру өзін-өзі ақтау және өзін-өзі қаржыландыру қағидаттарына негізделеді. Өзін-өзі ақтау ұйымның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаражат өзін ақтауға, яғни рентабельділіктің ең төменгі мүмкін деңгейіне сәйкес келетін кіріс әкелуге тиіс екенін көздейді. Өзін-өзі қаржыландыру өнімді өткізуге жұмсалған шығындардың толық өтелуін, өндірісті дамытуға қаражатты меншікті ақша қаражаты есебінен, ал қажет болған жағдайда банктік және коммерциялық кредиттер есебінен инвестициялауды білдіреді. Осы қағидатты іске асыру - ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметтің негізгі шарттарының бірі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Кодекс ашық құжат болып табылады және серіктестер мен кез келген басқа мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады.

«Doscar Group» компаниялар тобы баршаға өркендеу мен ақ жол тілейді!

Doscar Group КТ Атқарушы директоры **Кемельбеков А.Е.**